



ИНВЕСТИЦИЯ



Суретті түсірген А. ҚАЖЕКЕ

Бірнеше жаңа жоба қаралды

Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев «Karlskrona Lc AB» ЖШС, «China Power International Holding Limited» ЖШС және «Xixian New Area Airport New City New Global Import & Export Trading Co., LTD» Алматы облысында тіркелген «Бір белдеу және бір жол» Қазақстан ұлттық сауда-экономикалық компаниясы өкілдерін қабылдады.

Айгүл
БАЙБОСЫНОВА

Марат Елеусізұлы алдымен салаларға жауапты қызметкерлермен таныстырып, әр компания өкілдерінің ұсыныс-тілектеріне құлақ асты. Олар алдымен өздерінің компаниялары жайында әңгімелеп, негізгі қызметтерін баяндады. Белгілі болғандай, олар Алматы облысы аумағында өздерінің жоба-жоспарларын жүзеге асырып, инвестиция құяды көздейді. Ол үшін жер телімі қажет. Осыған байланысты аймақ басшысынан жер учаскелері сұралды. Мәсе-

лен, «Karlskrona Lc AB» ЖШС Оңтүстік Қазақстанда орналасқан машина жасау компаниясы болып саналады. Бұл компания сорғы, электротехникалық, блокомодульдік, стандартты емес жабдық, құбыр арматурасын, кара және түсті металдар мен корытпалардан құймалар әзірлеу, өндіру, сату, монтаждау және сервистік қызмет көрсетумен айналысады. Компания өкілдері Алматы мен Қонаев қаласы аралығынан өнеркәсіп алаңдары үшін 10 гектар екі жер телімін беруді сұрады. Онда өнеркәсіптік алаң және санитарлық қорғау аймағын, өз қыз-

меткерлері үшін заманауи жұмысшы кентін салу жоспарлануда. Кездесуде 1 ГВт ЖЭК ауқымды жобасын және энергияны жинақтау жүйесін инвестициялау және салу мәселесі ұсынылды. «China Power International Holding Limited» компаниясы Қытайдағы 5 ірі мемлекеттік энергия өндірушілердің бірі саналатын «State power Investment Corporation» негізгі еншілес компаниясы болып табылады. Компания қызметі экологиялық таза энергия өндірісін дамытуға бағытталған.

Бүгінгі күні компания Мемлекет басшысы алға қойған мақсаттар шеңберінде елдің жалпы энергия теңгеріміндегі жаңартылған энергия көздерінің (ЖЭК) үлесін арттыру және көміртегі бейтараптығына қол жеткізу бағы-

тында инвестиция салуды ұсынады. Ал «Бір белдеу және бір жол» Қазақстан ұлттық сауда-экономикалық компаниясының өкілдері құрылыс жұмыстарын жандандырып, жел электр стансысын салуға ниетті екенін және бұл жобаларды жүзеге асыруға қомақты қаражат жұмсалатынын, сонымен бірге, Орталық Азия мемлекеттері ішінде сауда-саттық және транспорт жағынан қолайлы ел болып отырғанын, сол себепті аймақта логистикалық орталық ашуға да мүмкіндіктерінің зор екенін жеткізді.

Облыс басшысы өз кезегінде жалпы Қонаев қаласы мен аумағын дамытуда әртүрлі құрылыс жұмыстарының қарқын алатынын, көптеген өнеркәсіп орындарының салынатынын, ол үшін аймақта индустриалды аймақтардың бар екенін, осы негізде компания өкілдері ұсынған жобаларға қызығушылық танытып отырғанын, аталған жобалар сала қызметкерлерімен тағы бір мәрте пысықталып, нақтыланған соң қажетті жер телімдері қарастырылып, жергілікті атқарушы органдар тарапынан қолдау көрсету бағытында ынтымақтастықта жұмыстар жүргізілетінін егжей-тегжейлі айтып, салаға жауапты тұлғаларға тапсырма жүктелді.

Қонаев қаласы
Алматы облысы

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



Суретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ

Меморандумға қол қойды

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев «Қытай – Қазақстан халықаралық өнеркәсіп қаласы» ЖШС басшылығымен онлайн режимде кездесу өткізді. Жылда «Қорғас – Шығыс қаппасы» арнайы экономикалық аймағында индустриалды парк салу жобасы талқыланды.

Айдар ҚАЛИЕВ

Облыс әкімінің айтуына қарағанда, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев маңызды бұл жобаны дамытуға ерекше көңіл бөліп отыр.

– Мемлекет басшысы маңызды жобаны дамытуға ерекше назар аударып, біздің өңірге жасаған сапары кезінде шекара маңындағы ынтымақтастықты дамытуға ерекше атап өткен болатын. Бүгінгі отырыста қол қойылатын меморандум осы бағытта атқарылуы тиіс болған іс-шаралардың қайта жандануы және

«Қазақстан – Қытай халықаралық өнеркәсіптік қаласы» жобасын іске асырудың жаңа кестесін бекітуге мүмкіндік береді. Жоба біздің өңірлеріміз үшін көрші елмен жемісті өзара экономикалық ынтымақтастық орнату үшін елеулі әсер ететіндігіне сенемін. Қазіргі уақытта біз «Қорғас» арнайы экономикалық аймағы қызметінің түрлерін кеңейту бойынша жұмыс жүргізіп жатырмыз, – дей келе тығыз қарым-қатынас орнатып, қажетті қолдау көрсетуге әзір екенін жеткізді.

Қазақстан – Қытай

лардағы екіжақты ынтымақтастықты дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашатынын айтты.

– Болашақ логистикалық технопарк құрамына жаңа өндіріс орындары, дамыған инфрақұрылымдар, ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындары, сауда және ойын-сауық орындары және тағы басқалар кіреді. Бұл жаңа жұмыс орындары ашылып, заманауи технологиялар дамиды деген сөз. Әрине, облыс бюджетіне түсетін салық түсімдері де маңызды, – деді Бейбіт Өксікбайұлы.

Жиын соңында қос тарап ұзақмерзімді ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Жалпы инвестиция көлемі 1 трл. теңгеден асады. Бұл – облыстың 3 жылдық бюджетті.

Айта кетейік, биылғы қыркүйек айының басында «Қазақстан Республикасы мен Қытай арасындағы ынтымақтастық жөніндегі достық диалог» онлайн кездесуі аясында Шыңжаң өлкесі мен Жетісу облысы арасында бауырлас қала қатынастарын орнату туралы хаттамаға қол қойылған болатын. Жетісу облысы әлемнің 99 мемлекетімен сауда және серіктестік қарым-қатынаста.

ҚАБАНБАЙ БАТЫРҒА – 330 ЖЫЛ



Елдіктің үлгісі, бірліктің белгісі

Хан батыр Қабанбайдың 330 жылдық мерейтойына орай Жетісудың кіндігі, Талдықорған төрінде тағылымды шара өтті. Оның жоғары деңгейде ұйымдастырылуына үлес қосқан Жетісу облысы әкімдігіне, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына, «Нақ-Бірлік» қоғамдық қорына алғыс көп айтылды.

Қажет АНДАС

Батыр бабаға арналған жиын Талдықорған қаласындағы Қабанбай батыр ескерткішіне гүл шоғын қонудан басталды. Ескерткіш басында зиялы қауым өкілдері сөз еткен тарихи деректер, тебіреністі ойлар жастардың болашаққа деген үмітін үкіледі. «Еңку, еңку жер шалмай, ерлердің ісі бігер ме?» дегендей, осы жерден табылған Талдықорған қаласындағы әскери горнизон сарбаздары жұрт назарын өзіне аударғаны да ерекше сезілді.

(Соңы 2-бетте)

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТҰҒЫРЫМ

Ұрпақ міндеті

Ғасырлар бойы аттың жалы, түіенің қомында күн кешіп, азаттықты аңсаған бабаларымыздың апшақ арман-тілегіне бүгінгі ұрпақтың қолы жеткенін көзіміз көрді. Тәуелсіздік – таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз дер едім.


Тәуелсіздіктің бесігінде тербелгеніне 31 жыл болған еліміз осы кезеңде етек-жеңін жиып, шекарасын бекітіп, әлемдік саясатта өзіндік үнін қалдырды. Бұл – атадан келе жатқан ұлы мақсаттың жемісі.

1991 жылы 16 желтоқсанда егемендігін алған еліміз өзіндік даму жолын қалыптастырып, ұлт пен ұлысты біріктірген, салт пен дәстүрді ұлықтаған, мәдениет пен экономика- ны алға оздырған мемлекетке айналды. Жел-

токсанның желі мен ызғарына қарсы тұрған жастардың жалынды рухы мен өлмес ерлігінің арқасында шаңырағы биіктелді, керегесі кеңейді, іргесі бекіді. Арысы қазақ хандығынан бастап, берісі егеменді елдің іргесіне дейінгі көшті жалғастырған ұрпақтың парызы – осы жетістікті берік сақтау. Жәнібек пен Керейдің кереген керегесін құлатпай Отанды кастерлеп өту – әрбір ұрпақтың міндеті.

Халқымызда: «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл» деген сөз бар. Сондықтан туған Отанның түтіні түзу шығып, ырыс-берекесі арта берсін деген тілек айтқым келеді. Ащы тер мен төгілген қанның, асқақ жігердің отымен келген күн құтты болсын!

Бақытжан БАЛАМБАЕВ,
Талдықорған қаласындағы ҚР Ұлттық ұланның 5514 әскери бөлім командирі,
подполковник



Балалар
жылы
2022

Тегін мұз айдыны ашылды

Балалар жылына орай Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен Қапшағай жағалауынан тегін мұз айдыны ашылды. Шараның ашылу салтанатына Алматы облысы әкімінің орынбасары Арслан Дәндібаев қатысты.

Қуаныш ТҮНФАТАР

Ашық аспан астындағы мұз айдыны Қонаев қаласында алғаш рет пайдалануға беріліп отыр. Қоныш тебетін алаңқайға 120 адамға дейін емін-еркін кіре алады. Жаңа нысан киім ауыстыратын жылы бөлмелермен, жалға ұсынылатын конькилермен қамтылған. Қонаев тұрғындары үшін қызмет ететін нысанды «Ais Pro» жеке кәсіпкерлігі салып шықты. Мұз айдыны аптаның барлық күнінде тегін қызмет көрсетеді. Сенбі-жексенбіде жұмыс кестесі тілгі бір сағатқа ұзартылып, түнгі 23.00-ге дейін ашық болады. Салтанатты шарада облыс әкімінің орынбасары:

– Құрметті Қонаев қаласының тұрғындары мен қонақтары! Ашылып отырған мұз айдыны ең бірінші кезекте балалалар үшін істелген игі бастаманың бірі. Балалар жылына орай аймақтың жас жеткіншектеріне тамаша тарту жасап отырмыз. Мұндай коньки тебетін алаңқайлар осымен тоқтап қалмайды. Алдағы уақытта да Қонаевта жаңа нысандар бой көтереді. Елімізде, әсіресе, балалар денсаулығына, бұқаралық спорт түрлеріне көп көңіл бөлініп жатыр. Алдағы уақытта да ойын-сауық орталықтарын көптеп ашуды жоспарлап отырмыз, – деді.

Мұз айдынының тұсаукесер лентасын облыс әкімінің орынбасары Арслан Дәндібаев пен Қонаев қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Амангелді Беспәев қиды. Өз сөзінде Амангелді ақсақал көпшілікке ақ ниетін арнап, елдің амандығын, заманның тыныштығын тіледі.

Мұз айдынында егер конькиіңізді өзіңізбен бірге ала келсеңіз, онда сырғанау тегін. Ал мұз алаңынан жалға алу екі сағатқа 1000 теңгені құрайды. Коньки тебу алаңы таңғы сағат 10. 00-ден жұмыс істейді.

Қонаев қаласы
Алматы облысы

БАСПАСӨЗ – 2023

«Jetisay» жетісулықтармен бірге!

Қадірменді оқырман, қымбатты Жетісу жұртшылығы!

Алаш рухын арқалаған ақжолтай хабаршы, баршамызға бала кезден етене таныс, көзге ыстық, көңілге қымбат «Jetisay» газеті өзімен аттас Жетісу облысында жалауын желбіретіп отыр. Ғасыр асқан абыз басылым жер жанның Жетісу тұрғындарын ақпаратпен қамтуды ары қарай абыроймен жалғастырады. Облыс бөлінгенімен елдік мүдде, Отан деп соққан өршіл жүрек бөлінген жоқ. Ендеше, Жетісу облысында қазығын қаққан қара шаңырақ – көне басылым «Jetisay» газеті әр шаңырақтың төрінен табылсын! Жазылайық! «Jetisay» жетісулықтармен бірге!

Жалпы жазылу бағасы:

Жазылушылар	Индексі	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15469	5277,60	5587,20	10555,20	11174,40
Зейнеткерлер үшін	35469	3333,60	3643,20	6667,20	7286,40
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	3477,60	3787,20	6955,20	7574,40
Жалпы жеке жазылу	65469	3693,60	4003,20	7387,20	8006,40

Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Jetisay» газеті редакциясына келіп, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз:

Редакцияға келіп балама жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	4400	8800
2.	Зейнеткерлер үшін	2450	4900
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2550	5100
4.	Жалпы жеке жазылу	3000	6000

«Jetisaydy» электронды нұсқасына (PDF форматына) Талдықорған қаласындағы (Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта) газет редакциясына келіп жазылуға болады.

Электронды форматтағы (PDF форматына) жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	4000	8000
2.	Зейнеткерлер үшін	2050	4100
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2250	4500
4.	Жалпы жеке жазылу	2500	5000

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмерлерге хабарласуға болады:
8 (7282) 40-20-69, 8 7753558958, 87477061373, 87474106909

■ ЖАҢАРУ ЖОЛЫНДА



Әрбір мемлекеттің дамуы ашық саяси шараларға тікелей байланысты. Дамудың даңғыл жолына түскен елдердегі ашықтық, жариялылық талаптары көңілден шығып, халықтың қолдауына ие болады. Біздің еліміз де дамудың осындай жолынан сырт қалмай, кез келген саяси шараның ашық өтуіне мүдделі болып отыр. Оның мысалын биылғы кезектен тыс Президент сайлауынан анық байқадық.

Кемел келешек кепілі

Әрине, ел болған соң түрлі пікірлердің айтылуы, карама-қайшы көзқарастардың тууы заңды құбылыс. Бірақ оның мемлекеттік ұстанымға тиімсіз жағын жасырып, жабу жақсылыққа апармайды. Ондайdan қоғамның тұрақсыздығы туындауы бек мүмкін. Осыны жақсы білетін мамандар халықтың көкірегінде жүрген ойлардың ашық айтылуына жағдай жасап, кейбір көленкелі тұстарға да көңіл аудара бастады. Бұл шынында адамзаттық дамудың нақты талабынан туындайды. Сондықтан мемлекетіміз адам баласына тән қасиеттер мен талаптарға мүмкіндік беруде.

Биыл қыркүйек айының басында «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдау жариялаған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кезектен тыс Президент сайлауын өткізу керектігін алға тартты:

«2023 жылдың ортасында Президент, Парламент, Үкімет сияқты негізгі саяси институттардың бәрі қайта жаңғырып, жаңарады.

Біз ашық бәсекелестік орныққан және бәріне тең мүмкіндік берілетін Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз.

Ауқымды саяси өзгерістерді ашықтық, әділдік және өзара сенім арқылы жүзеге асыру аса маңызды» – деген болатын.

Соған сәйкес сайлау да өтті. Саяси доданың ең ерекшелігі бюллетеньге «Бәріне қарсымын» деген графаның қосылуынан анық байқалды. Себебі, халықтың таңдау жасауына берілген мүмкіндік еді бұл. Сол арқылы сайлаушылар арасында осы графаны белгілеушілердің бар екені белгілі болды. Әрине, ел арасынан бәріне қарсылық танытушылардың шығуы да заңдылық. Есесіне, еркін ойлы еліміз әрбір бастаманың қарсыласы болатынын ұғынды. Сол арқылы әркім өз таңдауын қысылмай жасаудың еш сөкеттігі жоқтығын түсінді.

Расында мемлекеттің дамуы ашық жолмен, әділетті ұстаныммен жүргенде ғана нәтижеге жететіні белгілі. Сол себепті, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әділеттілік принципіні алға

оздыру керегін алғаш сайланған сәтін бастап айтып келеді. Соның ықпалымен «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдасы жүзеге асып отыр. Оның мысалын көптеп келтіруге болар. Соның ішінде әдебиетсүйер қауымды таң қалдырған жайттың бірі, мемлекеттік сыйлықты беруге байланысты қабылданған шешімді ерекше айтар едім. Биылғы сыйлықты әдебиет пен өнердің жеті өкілі алды. Соның бірі жазушы Тұрысбек Сәукетовқа алыста жатқан белгілі қаламгер Мұхтар Мағауиннің қолдау білдіруі мемлекет басындағы азаматтардың мемлекеттік сыйлықты беруге шешім шығаруына ықпал етті. Осының өзі еліміздегі өзгерісті, жаңашыл қадамның белгісін білдіреді. Ендеше оның жақсылығын қалай айтпасақ?!

Міне, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көтерген әділеттілік ұстанымы кейінгіге осылайша әсер беріп, әрбір саланың тұла бойына қан жүгірткендей болып отыр. Шынында мемлекеттің тұрақты дамуы, қарқынды қуат алуы, өрісті өркендеуі – қоғамның, мемлекеттік жүйенің әділеттілігіне тікелей байланысты. Өзара тығыз қарым-қатынастың орталығына жататын салалардың жұмысында нәтиженің жоғары болуы да осындай ұстанымға тәуелді. Сондықтан оны жұрт болып қолдағанда ғана биік межелерді бағындырып, мол табысқа кенелеміз. Ұлт батыры Бауыржан Момышұлының «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген сөзін берік ұстансақ, мемлекеттің ішкі тәртібін нықтап, сыртқы күштердің ықпалын оңай еңсеретіміз анық. Сол себепті, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратын кезеңде қапы қалмауымыз керек. Әйтпесе, келешектің кемел болуына күмән бар. Бүгінгі ұрпағымыз әлеуметтік желілер, оның ішінде ютубпен, тик-токпен тәрбиеленіп жатқанын ескерсек, күмәніміз ұлғая түседі.

Сондықтан әрбір азамат мемлекеттің тұрақты дамуы отбасындағы тәрбие мен тәлімге тікелей байланысты екенін ұғынатын уақыт жетті.

Әміре ӘРІН,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері

Елдіктің үлгісі, бірліктің белгісі



Суретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ

(Басы 1-бетте)

Облыс бөлініп, қат-қабат жұмыс жүріп жатқан кезде уақыт тауып, көптің ортасынан, Мәдениет сарайының төрінен табылған Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев:

– Қазақ тарихында жауға қарсы бес қаруын асынып, елдің тыныштығы үшін басын бәйгеге тіккен батыр бабаларымыз аз болған жоқ. Солардың бірегейі Қаракерей Қабанбай бабамыз.

Ел басына күн туған заманда жаудың қалың қолына қасқайып жалғыз шабар ұлдың шығуы заңдылық. Әйгілі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының: «Қазаққа Найман Қабанбайдан асқан батыр жоқ, Үйсін Төле биден асқан би жоқ», – деген сөзі тегін айтылмаған. Атап айтқанда, Аягөз бен Түркістан, Бұланты мен Аңырақай, тағы да басқа шайқастарда өшпес ерлік көрсеткен бабамыздың 100-ден астам жекпе-жекке шығып, қарсыласын жер құштырғаны анық. Сондықтан бар ғұмырын елін қорғап, жерін жаудан азат етуге арнаған қазақтың қол бастаған хас батырларының жанкешті ерлігін ұмытпай, кейінгі ұрпаққа насихаттау біздің басты парызымыз, – деп жұртшылықты жігерлендірді.

Бүгінде даңқты қолбасшы Қабанбай батырдың құрметіне Талдықорған мен Үшаралда еңселі ескерткіш орнатылған. Аудан-қалаларда 36 көше мен Алакөл ауданындағы бір ауыл және білім ордасы Қабанбай батырдың атымен аталады. Осы реткі Талдықорған төрінде өткен ғылыми-тәжірибелік конференция мен республикалық ақындар айтысы да жетісулықтардың батырға деген ерекше құрметінің белгісі деуге болады.

– 1990 жылдың қараша айында сол кездегі облыс әкімі Сағымбек Тұрсынов 1991 жылды Талдықорған қаласында «Қабанбай батыр жылы» деп атау туралы қаулы қабылдады.

Сөйтіп батыр бабамыздың 300 жылдық мерейтойы аясында ақындар айтысы мен ғылыми-танымдық конференция өтіп, Үйгентас жайлауындағы думанды тоймен қорытындыланды. Кеңес одағы кезінде Халық Қаһармандарының аты аталмай қалып еді. Қабанбай батырдың 300 жылдық мерейтойы сол сенді бұзды. Сол даңқты іс 30 жылдан кейін тағы да Жетісу жерінде жаңғырып отыр, – деді қоғам қайраткері, «Қаракерей Қабанбай» атындағы қоғамдық қордың төрағасы Камал Әбдірахман.

Мерейтойға орай ұымдастырылған ғылыми-тәжірибелік конференцияны Жетісу облысы әкімінің орынбасары Рустам Әли құттықтау сөзбен ашты. Ары қарай елге белгілі тарихшылар мен сөз зергерлері орамды ойымен бөлісті. Конференцияны Тұрсынбай Ғалинов жүргізсе, Л. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, тарих ғылымдарының докторы Жамбыл Артықбаев «Әбілпейіз сұлтан – XVIII ғасырдың ұлы тұлғасы», Қабанбай батыр кесенесінің шырақшысы Камал Әбдірахман «Қабанбай батырға қатысты деректер және тарихнама», Қазақстан тарихшылар қауымдастығының мүшесі, әскери тарихты зерттеуші Қайрат Қарамаңдаев «Қабанбай батырдың соғыс тәсілдері» тақырыбында баяндама оқыды. Жетісудың ақсақалдары Наурыз Қылышбаев пен Аманғазы Шегіров аталы сөзін айтса, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет «Ерасыл» атты өлеңін оқыды. Айта кетерлігі, Қабанбай батырдың 330 жылдық тойы қарсаңында «Сырдария – Шығыс – Жетісу» атты экспедиция ұйымдастырылып, батырға қатысты тың дүниелердің беті ашылды. Талдықорған төріндегі шараға сол экспедицияға қатысқан бірқатар азамат келді. Осы экспедицияны ұйымдастырушы, ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері,

тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Қанат Еңсенов:

– Биылғы экспедициядағы ең үлкен жетістігіміз – Қабанбай батыр басшылық еткен, бірақ көмескі болып келе жатқан Үржар-Еміл шайқасының нүктесін анықтадық. Әйгілі Аңырақай шайқасы өткен жерді зерттеп, үш жүздің батырлары салған таңбаны кездестірдік. Сондай-ақ, Мәскеу, Омбы көне мұрағаттарын қарап, Қабанбай батырға, Қазыбек биге, тағы да хан-сұлтандарға қатысты көптеген деректер таптық. Олар алдағы уақытта ғылыми айналымға түседі. Ақтандақтарды айқындау үшін экспедиция алдағы уақытта жалғасады, – деп қорытты сөзін.

Баба рухына арналған айтыскерлердің тартысы да көпшілікті бейжай қалдырмады. Еліміздің әр өңірінен келген 10 ақын жарты күн бойы Мәдениет сарайына жиналған көпшілікке ұлттық өнердің ұлылығын барынша көрсетуге тырысты. Әрине, ағайынның арасында алтыауыз сөзді тауып айтудың өзі оңай емес. Осы тұрғыда ақындарға айтар өкпеміз болған жоқ. Әрбірі шамасына қарай шауып, өресіне қарай елге ой салды. Бірақ елдіктің үлгісі, ерліктің белгісі, береке мен бірліктің беріктігі аса айтылмады. Жетісудың бас ақыны Айтқын Бұлғақов жүргізуші болып, айтыскер ақын Балғынбек Имашев бастаған қазылар бағалаған сөз сайысында жетісулық жігіттердің бабы асып, бағы жанды. Сонымен Қаракерей Қабанбай батырдың 330 жылдық мерейтойындағы ақындар айтысында жетісулық ақын Жандарбек Бұлғақов бас жүлдені (жүлде қоры 2 млн. теңге) қанжығасына байлады. Қалған ақындарға да ақшалай жүлде табысталды.

Талдықорған төріндегі батыр бабамызға арналған салтанатты шара осылай өтті.

*Талдықорған қаласы
Жетісу облысы*

■ ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСЫ

Тәуелсіздік мерекесі келгенде осыдан 21 жыл бұрынғы оқиға есіме жиі оралады. Ол кезде мен Қаратаал ауданы, Көпбірлік ауылында Ахмет Байтұрсынұлы атындағы орта мектепте мұғалім едім. Еңбек жолымды ұстаздықтан бастап, оқушылармен бірге өткізген күннің естеліктері өте көп. Әйтсе де, мына бір қуанышты жаңалық соның ішіндегі ең бір ерекшесі дер едім.



Тәуелсіздіктің қасиеті мен құндылығын ерекше түсінді деп ойлаймын. Шаттыққа бөленіп, ұйымдастырылған шара жас жеткіншектердің бойына патриоттық сезім ұялатып, кеудесін қуанышқа толтырды. Облыс әкімінің қолынан сыйлық алып, айтулы мерекеден маркайып қайтты.

Әлі есімде, ұстаз болғасын Жайнаны сөзге тартып, мерекеден алған әсерін білуді жөн санадым.

– Мереке күшті өтті. Мен секілді балалар көп екен. Барлығымызды Үкімет құттықтап, (Үкімет деп облыс әкімін айтып тұр) сыйлық берді. Маған қатты ұнады, – деді 10 жасар Жайна.

Міне, баланың есінде шынайы қуаныш қалды, сол арқылы Тәуелсіздіктің кастерлі екенін ұғынды деп ойлаймын. Мен де, Жайна да сондай көңілмен ауылымызға қайттық.

Сол кездегі кішкентай ғана Жайна бүгінде тәуелсіздікпен бірге жасап келе жатқан жас ұрпақ. Қазір өзінің туып-өскен ауылында өзі оқыған білім ошағы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы орта мектептің биология пәнінің мұғалімі. Кеше бала болып Тәуелсіздік мерекесіне қатысса, бүгін ұстаз болып шәкірттерінің бойына Тәуелсіздіктің қасиетін дарытуда.

Менің ұлық мерекем

Ришад ТҮРҒАНБАЙ

Талдықорған қаласы облыс орталығы мәртебесіне иелік еткен кез. Қалада жағымды жаңалық көп, қайта көркейіп, түрленіп келеді. Жалпы ел болып Тәуелсіздіктің 10 жылдығын тойлауға қарқынды кіріскен кез. Жыл басынан бері 16 желтоқсанға дейін ұлық мерекеге арналған шаралар ұйымдастырылып, патриоттық сезімді еселей түсуде. Дәл мереке күніне 1991 жылы 16 желтоқсанда дүниеге келген «Тәуелсіздіктің құрдастары» деген кең ауқымды кеш өтетін

болды. Облыс бойынша сол күні дүние есігін ашқан балаларды іздеу басталды. Қуанышымызға орай біздің мектептің оқушысы Жайна Мұратбекқызы тәуелсіздіктің құрда-сы болып шықты. Айтулы мерекеге қатысуға 10 жасар Жайнаны облыс орталығына апару маған жүктелді. Әкесі Мұратбек пен анасы Гауһардың рұқсатын алып, облыс әкімі қатысатын мерекеге келдік.

Облыстың әр қиырынан жиналған Жайнаның құрдастары өте көп екен. Барлығы да мерекеге қатысқанына бір, Тәуелсіздік күні дүние есігін ашқанына екі қуанып жүр. Мерекеге қатысқан балалар

■ ҚАҢТАР САБАҒЫ

ҮРЕЙ мен ҮМІТ

Биылғы жыл басы дүрбелеңге толы болды. Көпшілікке ұмытылмастай сабақ берген «Қаралы қаңтар» ұлттың санасында мәңгілікке қалары анық. Сол күндердің ауыртпадығы мен қиындығын басынан өткерген жандар арамызда жүр. Солардың бірі – Талдықорғандағы №18386 әскери бөлімінің қызметкері, майор Олжас Ералын.

Мәди АЛЖАНБАЙ

Қарағанды облысында дүниеге келіп, Жетісу жерінде еңбек жолын жалғастырған Олжас Қажымұратұлының айтуынша, қара суық қысқан қаңтардың ызғары әскерилерді әбден тоңдырыпты. 4-ші қаңтардан 5-не қараған түні сағат 01.00-де дабылмен жұмыс орнына жиналған сарбаздар алдымен әскери бөлімді күзетуге кіріседі. Ол үшін күзет сапын күшейтіп, төрт тарапқа қарауыл қойылады. Өйткені, әскери бөлімнің қару-жарақ қоймасы арандатушылар үшін таптырмас қазына болар еді. Соған байланысты сырттағы жағдайдан хабар алып отырған әскерилер бұйрықпен топ-топқа бөлініп, қаладағы әрбір нысанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге аттанады. Сөйтіп, әскери бөлімді қысталаң шақта қорғап қалған маман басынан түрлі сезімді өткергенін айтады.

– Қолға автомат алып, айналаны тексеріп келе жатқанда бойда бәрібір үрей туады екен. Себебі, әрбір сытыр мен қозғалысты тексеруге тура келеді. Өмірінде ешкімге мылтық кезенді көрмеген басында: «Байқамай біреуді атып жібермеймін бе?» деген сұрақ тұрады.

Ондай жағдайда не істеу керектігін ойлайсың. Қысқасы, өзінді ойлаудан гөрі, өзгенің өміріне алаңдайсың. Бұл жағдайды әскерилердің бәрі бастан кешкен болар?! Себебі, біз сыртқы күшпен ұрыс жүргізуге үйретілген едік. Ал өз отандастарына, жерлестеріне қарсы оқ атуға оқталу өте ауыр екен, – дейді екі баланың әкесі Олжас Қажымұратұлы үрей мен үміт тең түскен шақты еске алып.

Екі сағат сайын ауысып, тексеріп өткізу бекетін күзеткен әскерилер қалшыып тік тұруы тиіс. Отыратын, жататын жер жоқ. Айналаның бәрі суық бетон. Тізе бүгіп отырсаң немесе жата кетсең бойыңды ызғар қариды. Осылайша әскери бөлімнің амандығын ойлап, қару-жарақты қолды болудан сақтаған әскери қызметкерлер өзара үнсіз тілде-сіп, бір-біріне қолдау көрсетіп отырған. Ақырында талайдың ұйқысын қашырған бұлғақ аяқталып, байырғы тыныштық орнағанда терең дем алыпты. Оларға жұбайлары телефон арқылы дем беріп, тірек болыпты.

Иә, ол кездегі ауыр жағдайды ешкімнің басына бермесін! Енді қайтып елімізде мұндай сынақ болмасын! Азаматтарымыз өзара қырғибақ танытпасын! Халқымыздың «өз қолыңды өзін кесе алмайсың» деген сөзінен сабақ алып, алауыздықтан сақ болайық, ағайын!

ЖОБА

Жер учаскелеріне төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 10-бабының 1-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-3) тармақтарына және 27-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Жетісу облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Жетісу облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

- Осы шешімнің және қауалының қосымшасына сәйкес Жетісу облысының орталығында, облыстық және аудандық маңызы бар қалаларда, кенттер мен ауылдық елді мекендерде жер учаскелерін жеке меншікке берген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкалары белгіленсін.
- Осы бірлескен Жетісу облыстық мәслихаты шешімі мен Жетісу облысы әкімдігі қаулысының орындалуын бақылау облыс әкімінің орын-басары Ө. Жақанбаева жүктелсін.
- Осы бірлескен Жетісу облыстық мәслихатының шешімі мен Жетісу облысы әкімдігінің қаулысы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жетісу облыстық мәслихатының хатшысы Г. ТОЙЛЫБАЕВА	Жетісу облысының әкімі Б. ИСАБАЕВ
---	--

Жетісу облыстық мәслихатының 2022 жылғы « ____ »
№ _____ және Жетісу облысы әкімдігінің 2022 жылғы № _____
«Жер учаскелеріне төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы» бірлескен шешімі мен қаулысына қосымша

Жетісу облысының орталығында, облыстық және аудандық маңызы бар қалаларда, кенттер мен ауылдық елді мекендерде жер учаскелерін жеке меншікке берген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкалары

р/н	Әкімшілік-аумақтық бірлік	1 шаршы метр үшін теңгемен төлемақының базалық ставкасы
-----	---------------------------	---

Ақсу ауданы		
Ақсу ауылдық округі		
1.	Ақсу ауылы	154
2.	Казельхозтехника ауылы	119
3.	Көкжайдақ ауылы	107
4.	Қазақстан ауылы	105
5.	Өнім ауылы	119
6.	Шолақөзек ауылы	107
Арасан ауылдық округі		
1.	Арасан ауылы	154
2.	Арасан-Қапал ауылы	117
3.	Қызылжар ауылы	95
Егіңсу ауылдық округі		
1.	Егіңсу ауылы	109
2.	Күмтөбе станциясы	67
Есеболат ауылдық округі		
1.	Есеболат ауылы	164
2.	Қызылқайың ауылы	127
3.	Энергетик ауылы	139
Жаңалық ауылдық округі		
1.	Жаңалық ауылы	115
Жансүгіров ауылдық округі		
1.	Алтынарық ауылы	137
2.	Көкөзек ауылы	119
3.	Жансүгіров ауылы	202
Қапал ауылдық округі		
1.	Қапал ауылы	101
Қаракөз ауылдық округі		
1.	Қаракөз ауылы	129
2.	Кеңқарын ауылы	93
Қарасу ауылдық округі		
1.	Кеңқыра ауылы	129
2.	Еңбек ауылы	117
3.	Тарас ауылы	107
Қарашілік ауылдық округі		
1.	Сағабүйен ауылы	172
2.	Қарашілік ауылы	113
3.	Сағакүрес ауылы	147
Көшкентал ауылдық округі		
1.	Көшкентал ауылы	99
2.	Көлтабан ауылы	63
Қызылағаш ауылдық округі		
1.	Қызылағаш ауылы	149
2.	Заречное ауылы	117
3.	Қопалы ауылы	73
Матай ауылдық округі		
1.	Матай ауылы	91
2.	Ақкөз разъезі	61
3.	Береке разъезі	61
4.	Жасқазақ разъезі	57
5.	Қураксу ауылы	54
Молалы ауылдық округі		
1.	Молалы ауылы	83
2.	Алажиде станциясы	67
3.	Қайрақты разъезі	67
4.	Қарай разъезі	67
Ойтоған ауылдық округі		
1.	Ойтоған ауылы	129
2.	Үлгілі ауылы	65
Барлыбек Сырттанов ауылдық округі		
1.	Барлыбек Сырттанов ауылы	145
2.	Қопа ауылы	105
Суықсай ауылдық округі		
1.	Суықсай ауылы	129
2.	Ақтөбе ауылы	89
3.	Ащыбұлақ ауылы	111
4.	Баласаз ауылы	95
Алакөл ауданы		
Ақжар ауылдық округі		
1.	Ақжар ауылы	208
2.	Қоңыр ауылы	116
3.	Майлышат ауылы	106
Ақтүбек ауылдық округі		
1.	Ақтүбек ауылы	204
Арқарлы ауылдық округі		
1.	Арқарлы ауылы	185
Бескөл ауылдық округі		
1.	Бескөл ауылы	269
2.	Бұлақты ауылы	287
3.	Қаратұма ауылы	116
4.	5-разъез	106
5.	13-разъез	106
6.	Сайқан разъезі	106
Достық ауылдық округі		
1.	Достық ауылы	292
2.	Жалаңашкөл станциясы	106
3.	Көктұма станциясы	106
Екпінді ауылдық округі		
1.	Екпінді ауылы	208
2.	Қарлығаш ауылы	130
3.	Үшқайың ауылы	171
Еңбекші ауылдық округі		
1.	Еңбекші ауылы	269
Жағатал ауылдық округі		
1.	Қазақстан ауылы	213
2.	Бесағаш ауылы	130
Жайпақ ауылдық округі		
1.	Жайпақ ауылы	241
Жанама ауылдық округі		
1.	Жанама ауылы	287
2.	Ескі Жанама ауылы	204
3.	Қарабұлақ ауылы	232
Жыланды ауылдық округі		
1.	Жыланды ауылы	208
2.	Өшім ауылы	171
3.	Көкжар ауылы	153
4.	Майқан ауылы	116
5.	Шыңжылы ауылы	171
Қабанбай ауылдық округі		
1.	Қабанбай ауылы	264
2.	Жамбыл ауылы	116
Қайнар ауылдық округі		
1.	Қайнар ауылы	255
Қамысқала ауылдық округі		
1.	Қамысқала ауылы	208
2.	Алакөл ауылы	106
Көлбай ауылдық округі		
1.	Көлбай ауылы	208
2.	Әлемді ауылы	106
3.	Бүдір ауылы	116
4.	Қызылқайың ауылы	171
Қызылащы ауылдық округі		
1.	Жұмахан Балапанов ауылы	269
Лепсі ауылдық округі		
1.	Лепсі ауылы	208
2.	Байзерек ауылы	171
3.	Жынжүрек ауылы	102
4.	Шымбұлақ ауылы	102
Сапақ ауылдық округі		
1.	Сапақ ауылы	208
2.	Бибақан ауылы	116
Теректі ауылдық округі		
1.	Теректі ауылы	185
2.	Талдыбұлақ ауылы	116
Тоқжайлау ауылдық округі		
1.	Тоқжайлау ауылы	208
Үшарал қаласы		
1.	Үшарал қаласы	555
2.	МТФ 3	167
Үшбұлақ ауылдық округі		
1.	Үшбұлақ ауылы	208
2.	Кеңес ауылы	102
3.	Айпара ауылы	134
Ынталы ауылдық округі		
1.	Ынталы ауылы	287
Ырғайты ауылдық округі		
1.	Көктұма ауылы	315
2.	Ақши ауылы	301
Ескелді ауданы		
Алдабергенов ауылдық округі		

1.	Алдабергенов ауылы	266
2.	Жаңалық ауылы	176
3.	Жастар ауылы	176

Жалғызағаш ауылдық округі		
1.	Жалғызағаш ауылы	238
2.	Біғаш ауылы	130

Қайнарлы ауылдық округі		
1.	Қайнарлы ауылы	238
2.	Ақтасты ауылы	140
3.	Қоржымбай ауылы	112

Қарабұлақ ауылдық округі		
1.	Абай ауылы	245
2.	Ешкөлмес ауылы	176
3.	Матай Баисов ауылы	198
4.	Қарабұлақ ауылы	360
5.	Өркүсак ауылы	158
6.	Шымыр ауылы	245

Қаратал ауылдық округі		
1.	Қаратал ауылы	266
2.	Теректі ауылы	158

Көкжазық ауылдық округі		
1.	Көкжазық ауылы	266
2.	Бөктерлі ауылы	140
3.	Теңлік ауылы	176

Қоңыр ауылдық округі		
1.	Қоңыр ауылы	176
2.	Алмалы ауылы	90
3.	Көктөбе ауылы	104

Ақын Сара ауылдық округі		
1.	Ақын Сара ауылы	205
2.	Ақешкі ауылы	137
3.	Ақтұма ауылы	137
4.	Тамбола ауылы	112

Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы ауылдық округі		
1.	Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы ауылы	281
2.	Елтай ауылы	223
3.	Өтенай ауылы	140

Сырымбет ауылдық округі		
1.	Сырымбет ауылы	266

Төлегіт ауылдық округі		
1.	Жетісу ауылы	234
2.	Екпінді ауылы	176
3.	Жеңдік ауылы	140

Қаратал ауданы		
Байшегір ауылдық округі		
1.	Алмалы ауылы	139
2.	Ақжар ауылы	125
3.	Дойыншы ауылы	101

Балпық ауылдық округі		
1.	Жаңаталап ауылы	278
2.	Оян ауылы	211
3.	Ұмтыл ауылы	144

Бастөбе ауылдық округі		
1.	Бастөбе ауылы	346
2.	Жылыбұлақ ауылы	134
3.	Күрішдаласы разъез	168
4.	Кіші Төбе ауылы	178
5.	Ортатөбе ауылы	245
6.	47-разъез	106

Елтай ауылдық округі		
1.	Сарыбұлақ ауылы	173
2.	Қаражиде ауылы	240

Ескелді ауылдық округі		
1.	Ескелді би ауылы	245
2.	Қайнар ауылы	149
3.	Қызылжар ауылы	197
4.	Көкдала ауылы	139

Қызылбалық ауылдық округі		
1.	Көпбірлік ауылы	173
2.	Қаракүм ауылы	91

Айту би ауылдық округі		
1.	Айту ауылы	178
2.	Жасталап ауылы	173
3.	Қожбан ауылы	197
4.	Көкпекті ауылы	245

Жолбарыс батыр ауылдық округі		
1.	Айдар ауылы	139
2.	Қарашеңгел ауылы	149
3.	Қанабек ауылы	192
4.	Көлпе ауылы	240

Тастөбе ауылдық округі		
1.	Тастөбе ауылы	240
2.	Бесағаш ауылы	106
3.	Бірлік ауылы	106

Үштөбе қаласы		
1.	Үштөбе қаласы	576
2.	Үшкөмей ауылы	149
3.	Достық ауылы	278
4.	Ойсаз ауылы	278

Кербұлақ ауданы		
Алтынмемел ауылдық округі		
1.	Алтынмемел ауылы	201
2.	Байғазы ауылы	165
3.	Қарлығаш ауылы	146
4.	Қызылмектеп ауылы	165
5.	Тастыбастау ауылы	153

Басши ауылдық округі		
1.	Басши ауылы	151
2.	Ақтөбе ауылы	112
3.	Нұрым ауылы	116

Жайнақ батыр ауылдық округі		
1.	Жайнақ батыр ауылы	176
2.	Ақбастау ауылы	147
3.	Доланалы ауылы	146
4.	Жаңалық ауылы	151
5.	Қарымсақ ауылы	147

Жоламан ауылдық округі		
1.	Жоламан ауылы	201
2.	Алтындала станциясы	130
3.	Арқарлы станциясы	130
4.	Дала станциясы	146
5.	Жоламан станциясы	146
6.	Сайлы станциясы	146
7.	Сөмен ауылы	156

Қарашоқы ауылдық округі		
1.	Қарашоқы ауылы	191
2.	Арқарлы ауылы	147

Қаспан ауылдық округі		
1.	Қаспан ауылы	203
2.	Қайнарлы ауылы	165
3.	Көксай ауылы	176
4.	Сайлыкөл ауылы	176
5.	Шаған ауылы	140

Қоғалы ауылдық округі		
1.	Қоғалы ауылы	165
2.	Коноваловка ауылы	119
3.	Күреңбел ауылы	103
4.	Тастыөзек ауылы	147
5.	Шаған ауылы	129

Көксу ауылдық округі		
1.	Көксу ауылы	146
2.	Беріктас ауылы	103
3.	Көктал ауылы	107
4.	Қосағаш ауылы	112

Қызылжар ауылдық округі		
1.	Қызылжар ауылы	215
2.	Ақсуңқар жол учаскесі	176
3.	Желдіқара ауылы	165
4.	Шилісу ауылы	156

Сарыбастау ауылдық округі		
1.	Сарыбастау ауылы	215
2.	Арқарлы ауылы	147
3.	Балғалы станциясы	165
4.	Малайсары ауылы	140
5.	Малайсары станциясы	147
6.	Тары станциясы	140

Сарыбұлақ ауылдық округі	
--------------------------	--



ҚҰРЫШ ТАБЫТ

(Қазақтың қаһарман қызы
Ләззат Асанованың рухына арнаймын)

I

Сере қар – сеңсең бөрік сертке киген,
Баркөрнеу*, не түсіндің шертпе күйден?
Сор иісі, сорпа иісі аспандайды,
Шаттығы шимақталған шеткері үйден.

Қос ішек,
...ауық-ауық күй шашалып,
Домбыра үнге басқан ұйқы ашарлық!
Шор саусаққа шоқиып қонған құты,
Барады шолпан сынды қиғаш ағып.

Кім боздар күй құстырған қасіреттен?
Жол кешкен жортуылдап,
жасын өпкен;
шор саусақ –
шомбал саусақ тиек таяу
зарлықтың* зәу белінен басып өткен.

Үркек үн – дуадақтай дарақы ұшқан,
Домбыра ақ сөйлемей, ала құсқан.
Думаны тарқатылып бұлт ішінде,
Нажағай сокқы берген қарақұстан...

Таң атсын,
тағдыр сазы таратылар,
Үн тынар,
Көкіректе нала туар.
Қайрылмай қос ішектен ұшты-ау әне
дуадақ-күй – қос қарыс қанаты бар.

Құлаққа тосын күй кеп, тіксінді ана,
Ақжазық,
аяз бұған сұп-сұр дала.
Жар аңсап, алматылық қыз сағынып,
Саз аулар сокқан желден ышқындана –

Сорлы ана...
Сере қарын сертке киген,
Баркөрнеу, не түсіндің шертпе күйден?
Кім тартқан?
...Өлген жар ма,
Ләззат па, әлде?
беймәлім күй шалқып тұр шеткері үйде.

*Баркөрнеу – Жаркент жеріндегі тау
*Зарлық – әлімсақпан келе жатқан домбыра
ішегінің бір атауы.

II

Сол күні Ай тұтылған,
Күн мұнартқан,
Естілген зар шатқалдан, үн қыраттан.
Алатау түксіеді жаннан шошып,
Ақжардан,
ақ аланнан,
Шымбұлақтан.

...Кенсайдаң,
Өз Алматы көшесінен,
Шер аққан даңғылдардың нешесінен.
Сол күні қасқалдақтың қанын ішіп,
Қарысып, тәңіріңмен не шешіп ең –

Сен айтшы –
о, тарихы қазағымның?
Алапат тасқынында тозағынның.
жан қиып жайрап жатқан көп боздақты,
Айналып жел айтып жүр азалы үнін.

Сұрланған тас көшеден бу атқылап,
Аққан жас жөңкіп жатыр бұлақ құрап.
Алатау тұлданады қозғалардай,
Жүрегін мыңға бөліп құрақ-құрақ.

Тас көше – тас маңдайлы тағдырымдай,
Быллауға кім көніпті арды бұлай?!
Жар құшағын көрмеген үр қыздарға
Жендет «шантты» желігіп,
...Қорлығын-ай!

III

«**Кеуделеріңде қазақтың қаны барларын
алаңға жиналыңдар»
(Желтоқсан жазбасынан)**

Алаң-құлаң сол шақта хат тараған,
Қазакқа қамшы басқан Хақ тағалаң.
Саз өнерін меңгеріп жүрген Ләззат,
Хат қараған,
Кеудеде шоқ бораған!

Қобызын азаттық деп тартқан талай,
Осынша неге ысынды ақ тамақ-ай?!
Арынның ақ білгесін сығымдап ап,
Тағдырың тосып тұрған отқа қалай.

АЗАТТЫҚТЫҢ АҚ ТАҢЫ

ҚАЗАҚТЫҢ ҚОС ШЫНАРЫ

...Иә, рас хат оқылды,
қыз қызарды,
Қыранша бетке ұстаған мұз құзарды.
Шындарды шытынатқан зар толғатып,
Алматы әулиеліктен жүз қызарды.

Дәл сол күн алаң басқа,
қараң басқа,
Қан басқа көзден аққан,
соран басқа.
Шылбырды жат саусаққа ілдірмеске,
Жас жүректер «Елім-ай» деп ұрандасқан.

IV

Ызғарлы желтоқсанның желі ызындап,
Бақ тұқырып кетіпті, сор ұзындап.
Ай астында бұрқырап қазақ қаны,
Бір ғасырда барады қарызым қап.

Ол қарыз – боздақ қаны,
боздақ жаны,
«Азаттық» – жылап айтар сөз батпаны!
Құлдық қамыт асынған, сорлы қазақ,
Шындығыңды қай «сайтан» қозғатпады?

О, менің зар Алатаым,
Алатауым,
Сол күні сен ұмыттың Ар атауын.
Ұғынан сетінеп нар отауым,
Қан құсты Сарыарқа мен Қаратауым.

Тұтастай қазақ жерін шер тербеді,
Жанымды одан өңге өртер ме еді?
Бір дауыл екпінінен көмілді ме,
Ақтаңдақ із – қасірет өлкемдегі...

Ал тыңда Алатаудың не көргенін,
Арымды әлімсаққа шегергенін.
Қан жұтып,
ыза кернеп,
итше ыңырысп,
ерлердің неге күйіп, неге өлгенін.

Қыздар ше?
Қазақ қызы
– қызғалдағым,
Тал бойында мөлтідеп ізгі арманы.
Ақ арын талақ етіп жендеттерге,
Ақ тәнін желтоқсанда мұз қармады.

Жалаңаш.
Мұсатыр мұз ...ысындырып,
Бақыттың теріскейге құсын бұрып,
Тоналған арын ойлап,
нарт намыстан
бір ару босап қалған тісін жұлып:

– Зорландым!
Қазақ үшін қорландым да,
Жабысты енді кек пен сор қаныма.
Он бала табам әлі бір қазақтан,
Он дарақ қосам елдің орманына,

– деп жылап, шамырқана қалышылдаған,
Сен сонда меңірейдің аршыл ғалам!
Бұл сырды қазақ неге жасырады,
Тағы нең бар,
Алатау, аршылмаған?..

V

«**Біз бірге оқитындар төртеу болып алаңға
барық, одан кейін жезғалып кеткен Ләззат
3-4 күн шамасында оралып, өзін қиназанын,
тергеу барысында қалғанымыздың аты-жө-
німізді айтса істі жабатынын ескертіп,
«Мен жазықсыз құрбан болып барамын» деп
ақтық сөзін айтты».**
(Құрстасы Рамазанның жазбасынан)

Намыстан озық туған оғлан көрдім,
Қазақтың сілкіндірген бағлан белін.
Шүйденді ойған сокқы, Ләззатым-ай,
Алаштың қайта қозғар қалған кегін.

Қарлығаш қанатыңмен су ұсынып,
Жүрдің бе бір суынып, бір ысынып.
Сендердің аққан қан мен жастарыңнан,
Азаттық өніп шыққан ұлы шыбық!

Ол бүгін мәуеледі, биіктелді,
Сендерді ұмытар ма сүйікті елің?
Жұмақ мекен Жаркентің күні кеше,
Бейнеңді ақ мәрмәрдан құйып берді.

Кайтейің, ерте солған лала гүлім,
Шеткері үйде қалмады ана бүгін.
Құрыш табыт жамылып келген сені,
Қай күйімен тербейін шанағымның?!

Он алты жыл!
он алты көктем көріп,
Ел үшін азаттыққа от дем беріп.
Ерте кеттің,
соны ойласам Хаьқа деген,
Көкіректі кетердей өкпем керіп...

Сере қар сақалындай иегімнің,
Баркөрнеу бөлшегіндей сүйегімнің.
Хош, Ләззат!
Қажап кеткен тиегін мұң,
Сен ұлы домбырасы ең күй-өмірдің...

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

“

Иә, желтоқсан дегенде жанымыз түршігіп, денеміз мұз-
дап, жүрегіміз ауырады. 1986 жылы дүниені дүр сілкіндірген
Желтоқсан көтерілісін қазақтың сан ғасыр бойғы еркін, азат ел
болуға ұмтылған ұлы күресінің шешуші сәті десек те болады.

Желтоқсан көтерілісінің маңызын, қоғам және
мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің мына
сөздерінен аңғаруға болады: «Соңғы жылдары біз көп
есейдік. Оң-солымызды танып, халқымыздың өткен
жолына үңіле бастадық. Қазақ тарихының ұлы
тұлғаларын еске алдық. 30-шы жылдардың жазықсыз
құрбандары болғандар оралды. Қайта туып, Наурыз мейрамы келді.
Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілді. Бақсақ осының барлығын ұйымдасты-
руға дем беріп, жұрттың көкірек көзін ашып, ұлттық ар-намыс деген қасиеттерді бойына
қайта дарыта бастаған 1986 жылғы Алматыда болған Желтоқсан оқиғасы екен. Егер
оның дәрістерін Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін баянды етумен ұштастыра
білсек, еліміздің қазіргі заманғы прогресс жолында шарықтап алға баса беретіні хақ».



Есімі елдік деңгейде еленсе...

Алматыда болған бас көтеруді
еліміздің бірнеше қалаларындағы-
лар қолдап, жастар көшеге шықты.

Өскемендегі Ленин атындағы алаңға
жиналған студент жастар тергеуге
алынып, жазықсыз жазалана баста-
ғанда Сәбира Мұхамеджанова: «Бә-
ріне кінәлі мен. Алаңға мен үгіттеп
апардым. Оларды оқудан қумандар.
Шеруді де мен ұйымдастырдым»
деп курстастарын арашалап қалады.
Ақырында тоқтаусыз тексерулер,
орынсыз қорлау, жала жабу мен
тергеуге төзбеген педагогикалық
училищесінің 2-курс студенті жа-
такхананың 5-қабатынан секіріп,
мерт болды. Сөйтіп ол Желтоқсан
көтерілісінің құрбанына айналды. Өз
өлімімен өзгелерге өмір сыйлады.

Сәбира Мұхамеджанова туралы
алғаш рет жазып, қаршадай қыздың
өрлігі мен ерлігін елге танытқан
белгілі жазушы Асқар Алтай (Ас-
қар Алпысбаев). Ол 1990 жылдары
Алматыдан Жазушылар одағының
тапсырмасы бойынша Өскеменге
және Сәбираның туған ауылы Тар-
бағатай ауданындағы Ақмектепке
келіп, журналистік зерттеулер жүр-
гізіп, нәтижесінде «Он алты жаста
еді» деген тақырыппен көлемді
мақала жазды. Кейін осы мақала
бірнеше газет-журнал мен кітапта
басылды. Ал қазір барлық жерде
жарияланып жүрген марқұмның
портреттік фотосуретін жазушы сол
кезде батыр қыздың анасынан сұрап
алған екен. Осылайша ел Сәбира
Мұхамеджанова есімін білді.

Быттыр Желтоқсан көтерілісіне
35 жыл толғанда Сәбира Мұха-
меджанова ақталды. Биыл жазда
мен Сәрсен Аманжолов атындағы
Шығыс Қазақстан университетінде
«1986 жылы Өскемен қаласындағы
Желтоқсан оқиғасының құрбаны
Сәбира Мұхамеджанова өмірінің
актандактары» тақырыбында ма-
гистрлік диссертациямды қорғадым.

Бұл – «желтоқсаншы қыз» туралы
жазылған алғашқы ғылыми еңбек.
Осы жұмысты жазу кезінде Өске-
мендегі облыстық мұрағаттағы құ-
жаттардан Сәбираның мектепті кілен
беске оқығандығы туралы құжатты
таптым. Ол Өскемен педагогикалық
училищесіне әр өңірден 8-сыныпты
бітіріп келген озат оқушыларды
емтихансыз қабылдау туралы
№ 50/а бұйрықпен қабылданған.
Оның 8-сыныпты үздік бітіргендігі,
сабақты кілен беске оқығаны, зейін-
ді, зерек, талапты оқушы болғаны
жайлы деректерді осы бұйрық дә-
йектеп тұр.

Тағы бір мұрағат құжатында
Сәбираның өлімінен соң, педучили-
ше комсомол комитеті отырысының
5 қаңтар 1987 жылы жазылған № 23
хаттамасы көрсетілген. Онда оқудан
шығаруға ұйғарылған студент жас-
тардың кейбіріне ескерту, кейбіріне
сөгіс беріліп, оқуда қалдырылғаны
жайында жазылған. Осылайша ол

өзінің өмірін кию арқылы курстас-
тарының білім алуына, одан ары
өмір сүруіне жол ашты.

Сәбира оқыған бұрынғы пед-
училище, қазіргі Абай атындағы
Шығыс Қазақстан гуманитарлық
колледжінің мұражайында оның
қайтыс болуына байланысты оқу-
дан шығарылғаны туралы құ-
жат – бұйрық бар. 1986 жылы 29
желтоқсанда училище директоры
Н. Баранов қол қойған №141/а
бұйрықта «2-ШО-3 тобының оқу-
шысы С. Мұхамеджанова қайтыс
болғанына байланысты оқудан
шығарылды» делінген.

Жоғарыда айтылған ресми
құжаттар қоғамдағы «Сәбира өлі-
мінің Желтоқсан көтерілісіне еш
қатысы жоқ немесе тәртібі нашар
болған» деген сынды түрлі теріс
көзқарастарды жоққа шығарады.
Желтоқсанның қаһарман қызы ту-
ралы магистрлік диссертациямды
сәтті қорғадым. Алдағы уақытта
оны толықтырып, монография
етіп құрастыру жоспары бар.
Желтоқсаншы қыз туралы сыр әлі
толық айтылған жоқ, оны зерттеу
енді басталды.

Сәбираға құрмет көрсету, еске
алуға қатысты шаралар биыл
күзде жалғасып, біраз жұмыстар
жүзеге асырылды. Қыркүйектің
басында Шығыс Қазақстан облыс-
тық «JELTOQSAN 86» қоғамдық
бірлестігінің жетекшісі Марат Ра-
мазановтың бастамасымен Зайсан
қаласында жаңадан салынған үй-
лер орналасқан «Заречный» мөлтек
ауданының 8-шартты көшесіне
Сәбира Мұхамеджанова есімі
берілді. Жаңа көшенің ортасына
таман алдағы уақытта құрылысы
басталатын жаңа зәулім мектеп-
тің орны қалдырылған, көше одан
ары қарай тауға дейін жалғасады.
Жаңа мектеп орналасатын көшеге
Желтоқсан батырының есімін беру
өскелең жас ұрпақты патриоттық
тәрбиелеудің үздік үлгісі екені
сөзсіз.

Көшенің ашылуына Тарбағатай
ауданынан арнайы Сәбираның
туған ағасы Мұратай (шын есімі
Мұратхан) келді. Ол: «Мен қатты
қуанып тұрмын, бүгін қарында-
сым тіріліп келгендей күйдемің»
деп толқыды. Астана, Алматы,
Тараз, Түркістан, Шымкент, Пав-
лодар, Өскемен қалалары мен
Тарбағатай, Күршім аудандарынан

Араға 35 жыл салып барып, быттыр ғана ақталған Сәбира
Мұхамеджанованың есімі алдағы кездері жалпы елге аян
болып, осы уақытқа дейін сең болып қатқан мұз еріп, жа-
дырап-жайнаған жаз келер деген үміт үлкен. Сәбираның есімі
ел деңгейінде еленіп, халық батыр қызды білер, біз бұған
сенеміз және осы іске атсалысамыз.

Қуаныш КАБИДОЛДИН,
Абай атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Тарбағатай ауданы
Шығыс Қазақстан облысы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік несі:
«Өлке тынысы» ЖШС

Директоры
Досан АТАНТЕЛОВ
Директордың қабылдау
бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор
Болат АБАҒАН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және
коммуникациялар министрлігінің Ақпарат
комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп,
№ 17368-Г күзлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65,
40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15,
уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама
бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс), 279-13-86, 8 747 688
17 41.

Меншікті тілшілер: Алакөл ауданы — 8-777-388-57-77, Панфилов ауданы — 8-708-
442-43-76, Іле және Қарасай аудандары — 8-701-347-60-32. Қонаев қаласы мен
Еңбекшіқазақ ауданы — 8-701-212-00-96, Жамбыл ауданы — 8-701-254-97-55, Талғар
ауданы — 8-701-400-28-49. Райымбек, Кеген және Ұйғыр аудандары — 8-775-323-08-50
Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Қажет АНДАС

Жарияланған мақала авторла-
рының пікірлері редакция көзқа-
расын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландыру-
лардың мазмұны мен мәтініне
жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен
терілгенде 6 беттен асқан
материал қабылданбайды.

«Jetisy» газеті мен сайтында жария-
ланған материалдарды көшіріп
басу үшін редакцияның жазбаша
руқсаты керек.

«Jetisy» газетінің компьютер
орталығында теріліп, беттеледі.
Газет аптасына үш рет –
сейсенбі, бейсенбі, сенді күндері
қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде
шығады.

Суреттердің сапасы үшін
редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәсе-
лелері бойынша сенім телефоны: 87773880990

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат
☎ 8 747 390 09 90



Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі,
32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет"
баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс – 1220
«Өлке тынысы» ЖШС баспаханаларының жалпы таралымы — 30 110,
оның ішінде «Jetisy» газетінің осы шығарылымының таралымы — 20 010.
Индекс – 65469.